

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы
бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінде 2024 – 2025 оқу жылы бойынша өткізілген іс – шаралар
есебі**

I тоқсан бойынша Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша іс - шаралар өткізді.

Тілдер күніне орай өткізілген «Мен қазақша сөйлеймін» атты өзге ұлт өкілдері арасындағы қазақ насихаттау мақсатындағы облыстық байқауына мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Ивалиева Инна Леонидовна қатысып, 10000 теңге көлеміндегі сертификатқа ие болды.

Облыстық онлайн-жарыс «Жыл отбасы» атты видеоролик сайысына мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Қанат Қайырович қатысып мақтау грамотасымен марапатталды,

Тілдер мерекесіне орай өткізілген аудандық «Тіл шебері» байқауына мектебіміздің жас маманы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Едіге Ермахан Кенжебекұлы қатысып, жүлделі 2 орынға ие болды.

1 тамыздан 30 қыркүйек аралығында мектебімізде республикалық "Мектепке жол" акциясы өткізілді. "Болашақ" ұйымы мүшелерінен құралған ақпараттандыру - түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Негізгі мақсаты ауыл тұрғындарына "Мектепке жол" акциясы туралы жеткізу. Тамыз айында 0-ден 18 жасқа дейінгі балаларды тіркеу жұмыстары жүргізілді. Соның негізінде аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасылар, мүгедек және жетім балалар тізімін жаңарту үшін комиссия құрылды. Оның құрамына Сабынды ауылдық округі әкімі Смагулова Г.М., ата -аналар комитеті төрайымы Ибалиева Ж.Е. және ТЖҰ Галина С.Ж. кірді.

2024 - 2025 оқу жылының басында мектебімізде:

- аз қамтылған отбасы - 7, мектепте – 2 бала
- толық емес отбасы – 29, мектепте – 15 бала
- мүгедек балалар - 2 (Жусупов Амир – 8а сынып)
(Рамазан Шапағат – 6а сынып)
- көп балалы отбасы - 36, мектепте – 88

1 қыркүйек күні Білім күніне арналған сынып сағаты 1 сынып оқушыларына штатты түрде өтті. 2-11 сыныптар аралығында сынып сағаттар штатты түрде өтті.

2 қыркүйектен бастап 6 қыркүйек аралығында жол көліктерінің қауіпсіздігін алдын – алу мақсатында «Абайландар, балалар!» атты республикалық акциясы ұйымдастырылды. 1-11 сыныптар арасында сынып жетекшілерінің жауапкершілігімен сынып сағаттары өткізілді.

06-10 қыркүйек арасында 1-4 сыныптардың қатысуымен «Отбасы-бақыт мекені» сурет көрмесін көркем еңбек мұғалімі Ивалие Е.Ж. ұйымдастырды.

«Өнерлі отбасы – өнегелі болашақ» қолөнер бұйымдары видеоролигін 5-6 сыныптар оқушылары дайындап, белсенді жұмыс атқарды.

«Менің отбасымдағы жарқын сәттерім» фото көрмесі 7-8 сынып оқушыларының арасында ұйымдастырылды.

«Менің отбасым» шығарма, өлең шумақтарын жазу сайысы 9-11 сыныптары арасында қазақ тілі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өтті.

Аталған мектебімізде 22 – қыркүйек – Қазақстан халықтарының Тілдері күніне орай келген тілдер мерекесінің онкүндігі аталып өтті. Бұл онкүндікте ағылшын, орыс, қазақ тілі пәндерінің мұғалімдері ұйымдастырған түрлі іс - шаралар өз дәрежесінде қызықты да тартымды өтті. Кіріктірілген түрлі сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын айта кеткен жөн болар.

Осы онкүндікте үш тілде 2-11 сынып оқушыларымен ұйымдастырылған «Тіл - баға жетпес мұра» атты сынып сағаттары өтті. Мектеп оқушылары туған ел, туған жер, Отан,

Атамекен, тіл туралы жырларды үлкен сүйіспеншілікпен, мақтаныш сезіммен айтып, рухани бай, жалынды жас екендіктерін байқатты.

Жетінші қыркүйек күні «Тілге құрмет – әрбір азаматтың парызы» атты дөңгелек үстел пікіралмасу тіл–әдебиеті мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өтті.

«Ана тілі-ардағым» атты кітап көрмесін мектеп кітапханашысы Бейсенбаева С.Қ. ұйымдастырды. 7-8 сыныптар арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты өзге ұлт оқушыларымен сұқпат сегізінші қыркүйек күні пән мұғалімдері өткізді.

Ағылшын пәні мұғалімі А.Д. Сатанова «Тіл-менің мәңгі тақырыбым» атты қабырға газеттері көрмесі ұйымдастырылды.

«Атаның сөзі-ақылдың көзі» танымдық сайысы 9 қыркүйек күні 6 сыныптар арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Е.К.Едігенің ұйымдастыруымен мәнді де мағыналы болып өтті. Оқушылар тіл жайлы толық мәлімет алды.

«Тіл шебері»атты үш тілді меңгеру ашық сабағын ағылшын тілі мұғалімі З.А.Манабаева өткізді. Сабақ барысында оқушылар үш тілді қалай меңгергендерін іс жүзінде көрсетті.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С.С.Жаймашеваның ұйымдастыруымен «Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен шығармашылығы» атты ашық сабағы өтті. Сабақ барысында оқушыларға Әлихан Бөкейханов жайлы толық мәлімет беріліп, оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі А.Н. Аманбаева «Тіл – ең қымбат қазына» атты ашық сабағын өткізді. Ашық сабақтың мақсаты мен міндеті толық ашылып, оқушылардың сабаққа белсенді қатысуымен өтті.

«Тіл – Қазақстан халқының рухани байлығы» атты оқушылар арасында конференция Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Қ.Х.Абееваның ұйымдастыруымен өтті. Конференция барысында оқушылар өз ойларын жеткізіп, оны дәлелдей білді.

«Мәңгілік елдің – мәңгілік тілі» атты көркемсөз оқу сайысын орыс тілі мұғалімі Г.А. Аманжолова өткізді. Оқушылар өлеңдерін мәнерлеп оқып, сайысқа белсенді қатысты. Сайыс қорытындысы ретінде оқушыларды марапаттау ұйымдастырылды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Ө. Смагулова «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт көсемі» атты ашық сабақ ұйымдастырылды. Сабақ барысында Ахмет Байтұрсынұлы жайлы толық мәлімет беріліп, сабақ мақсатына жетті.

«Бала тілі - бал» атты мәнерлеп оқу сайысын қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі А.С.Бейсенбаева ұйымдастырды. Сайыс барысында бастауыш сынып оқушылары тіл жайлы өлең жолдарын мәнерлеп оқыды. Сайыс соңынан жеңімпаздар марапатталып, қорытынды жасалды.

«Тіл тазалығы» , «Ана тілім - мерейім» атты сайыстар пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өтті. «Тілім менің – мәңгі жасар байлығым» қорытынды – музыкалық бағдарламасын ағылшын пәні мұғалімі М.А. Сүлейменов ұйымдастырды. Оқушылар өзге ұлт өкілдерінің тілдерінде өлеңдер айтыр, ән шырқап, би биледі.

Жоспар бойынша өткізілген іс – шаралардың қорытындысы шығарылып, сайыс жеңімпаздары, белсенді қатысушылар жиында мақтау қағаздарымен марапатталды.

28 қыркүйек күні Туризм күніне арналған іс – шаралар өткізілді. Сынып жетекшілердің жауапкершілігімен сынып сағаттары өткізілді.

Алғабас ауылынан тасымалданатын оқушылардың қауіпсіздігіне байланысты сынып жетекшілері үнемі қадағалап отырады.

Аталмыш мектебімізде 04.10-08.10 аралығында «Қарттарым асыл қазынам» атты апталық жоспарға сай ұйымдастырылды.

Мақсаты: Жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап тыңдай білуге, халқының салт – дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.



1-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Қарттарым асыл қазынам» атты сынып сағаттар өткізілді.

Аға тәлімгер Ашикова Ж.С. және 8,9,10 сынып жетекшілері мен оқушыларының қатысуымен «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» атты акциясы өткізіліп, көмекке мұқтаж қарияларға көмек көрсетілді.

1-4 сынып оқушыларының арасында сурет пәнінің мұғалімі Е.Ж.Ивалиевтің ұйымдастыруымен «Менің отбасым» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. 5-6 сынып оқушыларының арасында «Мен және менің ата-әжем» тақырыбында фотокросс ұйымдастырылды.



«Мейірімділік поштасы» -әжелерге, аталарға, сондай-ақ еңбек ардагерлеріне құттықтау ашық хаттар тарату(онлайн) 7 сынып жетекшілері С.Қ.Омарова, М.Б.Смагулова, Г.А.Аманжолованың ұйымдастыруымен өтті.

Қорыта келе қарттар күні апталығы жоспарға сай өтіп, алға қойған мақсатымызға жеттік деп есептеймін.

Аталмыш мектебімізде «Ұстаздар күніне» орай жоспар құрылып, іс-шаралар жоспарға сай өткізілді.

Бастауыш сыныптары «Алғашқы ұстазым» атты бейнероликтерінде ұстаздарға арнап тақпақтарын айтты.

30 қыркүйек күні 5-8 сынып оқушылары «Ұстазым менің» атты мерекелік құттықтау қабырға газетін шығарып ұстаздарын құттықтады.



9-11 сыныптарының оқушыларының ұйымдастыруымен «Ұстазға тағзым» бейнероликтер әзірленді.

9 сыныптарының ұйымдастыруымен 1 қазан күні ұстаздар мерекесі атап өтілді. Оқушылар ұстаздарға арнап слайд жасап, гүл шоқтарымен қарсы алды. Мерекелік көңіл күй құттықтаулармен жалғасты. Оқушылар өздерін жан-жақты көрсете білді. Мерекелік іс – шара жоғарғы деңгейде өткізілді.



2 қазан Ұстаздар мерекесіне орай волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Мұғалімдер мен оқушылардан құралған командалардың ойыны тартысты да, қызықты болып өтті. Жарыс соңында жеңімпаздар және үздік ойыншылар грамоталармен марапатталды.

Қорыта келе Ұстаздар мерекесіне арналып құрылған жоспар толығымен орындалып, мақсатымызға жеттік деп есептеймін.

Суицид пен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған «Бақытты өмір» тақырыбында дөңгелек үстел 9 – 11 сыныптары арасында өткізілді. Дөңгелек үстел барысында көптеген ақпараттар берілді. Жауапты Женисбекова М.С.

5 – 11 сыныптары арасында суицидті, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға арналған сынып жетекшілердің жауаптылығымен сынып сағаттары өткізілді. 1 – 4 сыныптары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша сынып сағаттары өткізілді.

05.-09 қазан аралығында «Жемқорлық – құқық бұзушылықтардың картасы», "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!" атты тәрбие сағаттары өткізілді.

18.10-22.10 аралығында мектебімізде «Алтын күз» мерекесі қарсаңында жоспар құрылып, жоспарға сай іс-шаралар атқарылды.

22 қазан күні 2-4 сынып оқушыларының арасында «Ханзада мен Ханшайым» атты сайысын Ж.С.Ашикова мен К.Ж.Накупованың ұйымдастыруымен өтті.

18 қазан «Алтын күз» атты қолөнер көрмесі 5-6 сыныптар арасында В.В.Попов пен А.А.Мұқашевтың ұйымдастыруларымен өтті. Жеңімпаз оқушыларға сыйлықтар мен грамоталар берілді.

7-8 сыныптар арасында «Күзгі оқиға» атты сахналық көрініс (видеоролик, онлайн) ұйымдастырылды.

9-11 сыныптар арасында «Күзгі бал» атты ойын-сайыс кеші ұйымдастырылды.

Қорыта келе Үсенов атындағы Сабынды орта мектебінде 1 тоқсан тәрбие жұмысының 8 бағытына байланысты құрған жоспар толықтай атқарылып, алға қойылған мақсатымызға жеттік деп есептеймін. Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 22.11-26.11 аралығында Дүниежүзілік ЖИТС күрес күні – АИТВ инфекциясының алдын алуға байланысты іс-шаралар жоспары құрылып, іс-шаралар жоспарға сай ұйымдастырылды.

5-11 сынып оқушыларына сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Дүниежүзілік ЖИТС күрес күні – АИТВ инфекциясының алдын алу» атты сынып сағаттары өтті.



Аға тәлімгер Орынбекова М.Б. және «Болашақ» ұйымының мүшелерінің ұйымдастыруымен «Біз бақытты елде өмір сүреміз!» атты видеоролик әзірленіп, интернет желілеріне жүктелді.

25 қараша күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері З.Р.Халабаева мен А.Ж.Сатановтың ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушыларының арасында баскетболдан жарыс өтті. Жарыс соңында жеңімпаз командалар және үздік ойыншылар марапатталды.



Мектебіміздің медбикесі А.Ж.Боранбекова 10-11 сыныптар арасында «АИТВ/ЖИТС туралы не білесің?» атты сауалнама жүргізді.

Қорытындылай келе 22.11-26.11 аралығында Дүниежүзілік ЖИТС күрес күні – АИТВ инфекциясының алдын алуға байланысты іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп, алдымызға қойылған мақсатымызға жеттік деп есептеймін.

II тоқсан бойынша «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша іс - шаралар өткізді.

1-желтоқсан Тұңғыш Президент күні қарсаңында аталмыш мектебімізде 29.11-3.12 аралығында 1-11 сыныптарда «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты тәрбие сағаттары сынып жетекшілерінің ұйымдастыруларымен өтті.

Мақсаты:

Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.



4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» сынып жетекшілері Айтжанова Л.Ө., Бейсенбаева А.М., Орынбекова М.Б. ұйымдастыруларымен «Ел таңдаған - Елбасы» атты мәнерлеп оқу сайысы бастауыш сынып оқушыларының арасында өтті. Сайыс соңында жеңімпаздар марапатталып, құттықтау тілектері айтылды.

Тарих пәнінің мұғалімдері Мұқашев А.А. пен Б.Ж. Қабдрашовтың ұйымдастыруымен 30 қараша күні 9 сынып оқушылары қатысуымен «Елбасы- ел тірегі» атты дөңгелек үстел өтті. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, көптеген мағлұмат алды.

29.11-3.12 аралығында «Елінің болашағын сақтаған ұлы тұлға» атты кітап көрмесін мектебіміздің кітапханашысы Бейсенбаева С.К. ұйымдастырды.

Ағымдағы жылдың 6-10 желтоқсан аралығында аталмыш мектебімізде «Вейп-денсаулыққа өте қауіпті!» атты апталық өтті.

Апталық барысында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы» атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.



Мектебіміздің әлеуметтік педагогы Сулейменова А.Д., психологы Женисбекова М.С. және медбике А. Боранбаеваның ұйымдастыруымен «Вейп-денсаулыққа өте қауіпті!» атты ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



02 желтоқсан күні «Тәуелсіз ел-Мәңгілік ел» атты интеллектуалды ойыны Г.А.Аманжолова мен М.А.Сулейменовтың ұйымдастыруымен өтті. «Бәйтерек», «Тұлпар», «Барыс» атты үш топқа бөлінген оқушылар 6 турдан құралған сайыста белсенділік танытты. Сайыс соңында көп ұпай жинаған «Тұлпар» тобы 1 орынды жеңіп алса, 2 орынды «Барыс» тобы, 3 орынды «Бәйтерек» тобы қанжығасына байлады.



Қорыта келе 1-желтоқсан Тұңғыш Президент күні қарсаңында аталмыш мектебімізде 29.11-3.12 аралығында жоспар бойынша өткізілген «с-шаралар өткізу барысында шәкірт жүрегінде Елбасына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, құрметтеу мақсатына жетуге тырыстық.

Аталмыш мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілетін іс – шаралар жоспары құрылып, 06.12-15.12 аралығында жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді.

06.12-15.12 аралығында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіздік тұғырым» атты тәрбие сағаттары сынып жетекшілерінің ұйымдастыруларымен өтті.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 15 желтоқсан күні 2-6 сыныптарының қатысуымен «Тәуелсіздік тұғыры биік» атты концерттік бағдарламасы (онлайн) өтті. Жауапты музыка пәнінің мұғалімі Саметов М.Қ.

06.12-15.12 аралығында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік тұғырым» атты сурет және қолөнер көрмесін Е.Ж.Иавлиев, Е.Е.Алпысбаев, А.Х.Муканованың ұйымдастырды.

Желтоқсан айының 11 жұлдызында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 8-11 сынып оқушыларының арасында волейбол жарысын дене шынықтыру мұғалімдері З.Р.Халабаева және А.Ж.Сатанов ұйымдастырды. Жарыс нәтижесі бойынша 1 орынды 9 «А» сынып оқушылары, 2 орын 11 «А», 3 орын 10 «А» сынып оқушылары жеңіп алды. Жарыс соңында жемпаздар грамоталармен марапатталды.



10-11 сынып оқушыларының қатысуымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай әскери спорттық сайысы М.Б.Шариповтың ұйымдастыруымен өткізілді. Сайыс соңында ең белсенді командалар аталып, марапатқас ие болды.

«Қазақстан тәуелсіздік жолында» атты кітап көрмесі кітапханашы С.Қ.Бейсенбаевнаның ұйымдастыруымен өтті.

Желтоқсанның 10 жұлдызында «Мақтанышым-Тәуелсіз Қазақстан» атты мәнерлеп оқу сайысы 5-9 сынып оқушыларының арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

А.Ө.Сулейменованың және орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Н.Аманбаеваның ұйымдастыруларымен өткізілді. Оқушылар Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған өлеңдерін мәнерлеп оқып, белменділік танытты. Сайыс соңында жүлдері орындарға ие болған оқушылар грамоталар марапатталды.

10-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Желтоқсан құрбандары» атты шығармашылық жұмысы (эссе, өлең шумақтары) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Ө.Сулейменованың ұйымдастыруымен өтті. Жұмыстар тексеріліп, жүлделі орындарға ие болған оқушылар марапатталды.

Қорыта келе аталмыш мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жоспарланған іс – шаралар жоспар бойынша өтіп, алға қойылған мақсат, міндеттерімізге жеттік деген ойдамын.

III тоқсан бойынша Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша іс - шаралар өткізді.

Аталмыш мектебімізде 14 ақпан мен 18 ақпан аралығында Ауған Республикасынан Кеңес әскерінің шығарылуының 33 жылдығына орай мектеп бойынша жоспар құрылып, іс-шаралар сол жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

Ұлы тұлға, аса көрнекті ғалым, металлург, мемлекет қайраткері, жерлесіміз Әнуарбек Үсеновтың есімі берілген аталмыш мектебімізде 14 ақпан туған күніне орай 7-14 ақпан аралығында жоспар бойынша ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: Ұлы тұлға – Әнуарбек Үсенов туралы жан – жанқты түсінік қалыптастырып, кеменгер тұлғаның мемлекетке және халқына сіңірген еңбегін үлгі ету.

Ағымдағы жылдың 7 – 14 ақпан аралығында аталмыш мектебімізде Әнуарбек Үсеновтың туған күніне орай 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен тәрбие сағаттары сынып жетекшілерінің ұйымдастыруларымен өтті.

7-11 ақпан аралығында мектебіміздегі Әнуарбек Үсеновтың атындағы мұражайға 2-8 сынып оқушылары саяхат жасап, көптеген мәліметтер алып, білімдерін толықтырды. Жауапты тұлғалар: тарих пәнінің мұғалімдері Қабдыраш Б.Ж. және А.А. Мұқашев.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Ж.Сатановтың ұйымдастыруымен 12 ақпан күні 8-9 сынып оқушыларының арасында Әнуарбек Үсеновтың туған күніне орай үстел теннисі жарысы өтті.

14 ақпан Әнуарбек Үсеновтың туған күніне арналған салтанатты әдеби монтаж (сап түзеу) ұйымдастырылды.

Қорыта келе Әнуарбек Үсеновтың туған күніне орай өткізілетін іс-шаралар жоспар бойынша өткізіліп, ұлы тұлға Әнуарбек Үсенов жайлы толық мәлімет берілді.

Мақсаты: Ауған оқиғасының тарихи мағынасын ашып, оқушыларға түсіндіру.

14-18.02 аралығында Ауған Республикасынан Кеңес әскерінің шығарылуының 33 жылдығына орай 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.



Сурет пәнінің мұғалімі Е.Ж.Ивалиевтің ұйымдастыруымен «Ерлікке тағзым» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.



16 ақпан күні тарих пәнінің мұғалімдері Б.Ж.Қабдрашев пен А.А.Мұқашевтың ұйымдастыруымен 8 сынып оқушыларының қатысуымен «Ауғаныстан ақиқаты» атты дөңгелек үстел өткізілді.



18 ақпан күні әскери дайындық пәнінің мұғалімі М.Б. Шариповтың ұйымдастыруымен «Әскери спорттық дайындық» өткізілді.



Қорыта келе Ауған Республикасынан Кеңес әскерінің шығарылуының 33 жылдығына орай өткізілген іс – шаралар жоспар бойынша өтіп, алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деген ойдамы.

8 наурыз - Гүл мереке, Күн мерекесі. Бұл күн тамаша мереке, көктем мерекесі, табиғаттың оянатын мезгілі. Ең жылы сезімдер – қайырымдылық пен кішіпейілділік,

үміт пен сенім, махаббат пен адалдық бірігеді. Осы тамаша күнге орай аталмыш мектебімізде жоспар құрылып, жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

Мақсаты:

- 8 - наурыз аналар мен қыздар мерекесін атап өту. Отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың өмірі, өмір гүлі аналарды, нәзік жанды қыздарды сыйлауға үйрету;
- Қыздарды әсемдікке, іскерлікке баулу;
- Аналарына деген балалық махаббатқа, ер балаларды қыз балаға деген қамқорлыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

28.02 -04.03 «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне» орай сынып сағаттары 1-11 сынып оқушыларының арасында өткізілді.



5 сынып оқушыларының қатысуымен «Асыл әже», «Дорогая бабушка» атты құттықтау тілек фото коллаж, қолөнер көрмесі, 6 сынып оқушыларының қатысуымен «Қымбатты құрбым», «Дорогая одноклассница» атты құттықтау тілек фото коллаж, қолөнер көрмесі, 7 сынып оқушыларының қатысуымен «Аяулы анам!», «Милая мама!» атты құттықтау тілек фото коллаж, қолөнер көрмесі, 8 сынып оқушыларының қатысуымен «Қымбатты ұстаз», «Уважаемая учительница» атты құттықтау тілек фото коллаж, қолөнер көрмесі 10 «А» сынып жетекшісі З.Р. Халабаеваның ұйымдастыруымен өтті.



03 наурыз 11сағ.30мин 8 сынып оқушыларының қатысуымен көркем еңбек пәнінің мұғалімі А.Х. Муканованың ұйымдастыруымен «Ханшайымдар» сайысы өтті. Сайыс барысында қыздар 3 топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындау барысында ұпайлар

алу арқылы өзара сайысып, ең жоғарғы ұпай алған команда қыздары жеңіске жет



04 наурыз 16 сағ. 30 мин. «Арулар – асыл жандар» атта мерекелік концерті ТЖҰ Галина С.Ж. және 10 «А» сынып жетекшісі З.Р. Халабаеваның ұйымдастыруымен өтті. Концерт барысында ауыл әкімі Хамитжанов М.Б. мектеп ұстаздарын құттықтап, гүл шоқтарын тарту етті. Соңынан мектеп директоры Абеев С.Е. құттықтау сөзбен жалғастырды. Оқушылар мектеп ұстаздарын құттықтау ретінде өз өнерлерін көрсетті.



5 наурыз 15сағ.30мин. 8-11 сынып оқушы қыздар арасында футбол жарысы Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі З.Р. Халабаеваның жетекшілігімен өткізілді.

Қорыта келгенде «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне» орай ұйымдастырылған іс-шаралар жоспар бойынша өтіп, алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деп есептеймін.

Наурыз мейрамына арналған «Наурыз – берекем, Наурыз – мерекем!» атты мерекелік іс-шаралар жоспары құрылып, соған сай өткізілді.

Мақсаты: Қазақтың мейрамдары - Наурыз мейрамы туралы оқушыларға түсінік беру; ұлтжандылыққа, дәстүрлерді қастерлей білуге тәрбиелеу; ұйымшылдылыққа, өнерге баулу;

14.03-18.03 аралығында Ұлттық киім апталығы өтті. Неделя национальной одежды . Ұлттық киімізді насихаттау ретінде мұғалімдер ұлттық киім киіп жүрді.

«Наурыз – көктем мейрамы» колөнер көрмесі 14.03-18.03 аралығында Алпысбаев Е.Е. және А.Х. Муканованың ұйымдастыруымен өтті.

«Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз» атты сурет көрмесі 14.03-18.03 аралығында Е.Ж. Ивалиев ұйымдастырды.

16.03.2022 «Көрісу күні – ынтымақ пен берекенің бастауы» Наурыз мерекесіне арналған іс – шаралар 1 – 4 сынып оқушыларының қатысуымен ұйымдастырылды.

Жауапты 4 «А, Б, Ә» сынып жетекшілері Айтжанова Л.Ө., Бейсенбаева А.М., М.Б. Орынбекова болды.



17.03.2022 «Көрісу күні – ынтымақ пен берекенің бастауы» Наурыз мерекесіне арналған іс – шаралар 5 – 8 оқушыларының қатысуымен ұйымдастырылды. 5 «А,Ә,Б» сынып жетекшілері Попов В.В. және А.А. Мұқашевтың ұйымдастыруларымен өтті.



18.03.2022 «Көрісу күні – ынтымақ пен берекенің бастауы» Наурыз мерекесіне арналған іс – шаралар 9-11 оқушыларының қатысуымен ұйымдастырылды. 9 «А,Б,Ә» сынып жетекшілері Аманбаева А.Н., Бейсенбаева С.К., С.С. Жаймашеваның жетекшілігімен ұйымдастырылды.



Қорыта келе Наурыз мейрамына арналған «Наурыз – берекем, Наурыз – мерекем!» атты мерекелік іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп, алдымызға қойған мақсатарымызға жеттік деп есептеймін. 31.03-8.04 аралығында аталмыш мектебімізде «12 сәуір – Ғарышкерлер күніне» орай өткізілетін іс – шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша апталық ұйымдастырылды.

«12 сәуір –Ғарышкерлер күні» сынып сағаттары 11.04-15.04 аралығында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен өтті.

31.03-15.04 аралығында Мектеп кітапханашысы С.Қ. Бейсенбаеваның ұйымдастыруымен «Талғат Бигелдинов – ел есінде» атты тақырыптық кітаптар көрмесі өтті.

11.04-15.04 аралығында «Ғарыш әлемінде» тақырыбында сурет көрмесін сурет пәнінің мұғалімі Ивалиев Е.Ж. ұйымдастырды.

Қорыта келе «12 сәуір –Ғарышкерлер күніне» орай өткізілетін іс –шаралар жоспар бойынша орындалып, алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деген ойдамыз.

18.04 – 22.04 аралығында 1 – 11 сынып оқушыларының қатысуымен «Қорғалжын қорығы» туралы әңгіме, сынып сағаттар өткізілді.



Кітапханашы С.К. Бейсенбаеваның ұйымдастыруымен 18.04 – 22.04 аралығында Кітапханада “Кең байтақ, Қазақстан! Туған жерім - тұғырым” атты тематикалық көрме өтті.

18.04 – 22.04 аралығында 9 – 11 сынып оқушыларының қатысуымен тіл мамандарының ұйымдастыруымен “Табиғат мұраларын сақтайық” шығарма сайысы өтті. Сайыс қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталды.

Бейнелеу өнерінің мұғалімі Е.Ж. Ивалиевтың ұйымдастыруымен “Құстар әлемі” атты сурет көрмелерсі 18.04 – 22.04 аралығында өтті.

5 – 11 сынып оқушыларының қатысуымен “Қоршаған табиғат аумағын сақтай білейік” атты сенбіліктер өткізілді.

02.05-06.05 аралығында «7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне»,

«9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына» арналған іс – шаралар жоспары құрылып, жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Ерлік даңқы ешқашан өшпейді» ашық сынып сағаттары 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен өтті.



«Ерлік ұрпаққа мұра» кітап көрмесі 4 мамыр күні мектеп кітапханашысы С.Қ. Бейсенбаеваның ұйымдастыруымен өтті.

«Ерліктің жарқын беттері» ашық сынып сағаттары 8-11 сынып оқушыларының қатысуымен өтті.



«Мәңгілік Ел алыптары: Талғат Бигелдинов» атты ерлік сабағы АӘДТ мұғалімі М.Б. Шариповтың ұйымдастыруымен өтті.

02.05 - 06.05 «Ардагерлерді ардақтайық» акциясын аға тәлімгер және «Болашақ» ұйымы мүшелері ұйымдастырды, барысында ардагерлерге көмек көрсетілді.

Қорыта келе 02.05-06.05 аралығында «7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне», «9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына» арналған іс – шаралар жоспар бойын өткізіліп, алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деген ойдамын.

Жауапты: ТЖҰ Галина С.Ж.